

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойғал

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімінің 2016 жылғы 03 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 06 қаңтарда № 4664 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімінің 22.01.2016 № 3 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 бабы және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының аумағында қалыптасқан жағдайға байланысты, елді мекендердің өмірлік қызметін қамтамасыз ету мақсатында, Қарғалы ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Төтенше жағдайларды жою басшысы болып Қарғалы ауданы әкімінің орынбасары Х.Жылқыбеков тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қарғалы ауданының әкімі

Р.Сыдықов